

**Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі
Шымкент қалалық Білім беру Басқармасы**



**«Қазақстан» медициналық колледжіне 2023-2024 оқу жылына оқуға қабылдаудың
үлгі қағидалары мен ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17705 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 15 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылды:

«4-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда түсу емтихандары жүргізілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылды:

«5-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылды:

«7. Білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Тұлғаларды орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылды:

«Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың немесе шығармашылық конкурстың және/немесе басқа да арнайы конкурстардың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын көрсетеді.

Мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – білім туралы құжаттың (диплом) орташа балы.

Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді

пәндер болмаған жағдайда міндетті және бейінді пәндер тізбесін білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.

Мамандық бейініне сәйкес келмейтін медициналық мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – мамандық бейіні бойынша екі пән бағаланады.

Медициналық мамандықтарға түсетін тұлғалар психометриялық тестілеудің қорытындысы бойынша конкурсқа жіберіледі, оны өткізу нысанын білім беру ұйымдары айқындайды.

Бағалардың орташа балы:

негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін (9 – сынып) - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП} + \text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі, ТжКОББ бар түсушілер үшін – төрт пән: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, химия) және мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

мамандық бейініне сәйкес келмейтін медициналық мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – мамандық бейіні бойынша екі пәннің бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда:

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

«16-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылды:

«17-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда өнер және мәдениет мамандықтарына түсушілер үшін шығармашылық конкурс күнтізбелік жылдың 21-28 шілде аралығында өткізіледі, олардың мазмұны мен бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды.»;

Мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылды:

«18-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда білім беру ұйымдарына педагогикалық мамандықтар бойынша, арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша оқуға түсетін тұлғалар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы шығармашылық және басқа да арнайы конкурстар өтеді.

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығына түсуші тұлғалар спорттық жетістіктері бар портфолио, соңғы Президенттік (Ұлттық) тест нәтижелерін тапсырады.»;

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылды:

«23-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда шығармашылық және арнайы конкурстардың қорытындылары білім беру ұйымының қабылдау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылды:

«26-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда апелляциялық комиссия шығармашылық және арнайы конкурстардың жиынтық балы және/немесе қорытындылары бойынша конкурстың нәтижелерін қарайды.»;

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылды:

«27-1. Карантин жағдайларында, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда конкурс нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді.»;

мынадай мазмұндағы 30-1-тармақпен толықтырылды:

«30-1. Оқуға түсушілердің саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен жағдайда білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бағалардың жиынтық балы негізінде жүзеге асырылады.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушыларын оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17800 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады».

2. Колледжге негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымы белгілейді.

2-тарау. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі

5. Колледжге тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымдарының басшылары жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясы құрылған. Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

Қабылдау комиссиясының шешімі егерде отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

6. Колледждің қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Колледжге тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. Колледжде оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

9. Оқуға түсушілер:

1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;

2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;

3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;

4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6697 болып тіркелген) бекітілген № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен

бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6697 болып тіркелген) № 075-У нысаны бойынша медициналықәлеуметтік сараптама қорытындыны;

5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушылар - шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман - оралман куәлігі.

Порталға: 1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) білімі туралы құжаттың немесе білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

3) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 нөмірімен тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері;

4) 3x4 см көлеміндегі фотосурет; Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарламаесеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі. Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар осы тармақтың бірінші абзацының 4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды шектеу іс-шараларының алынуына, төтенше жағдайдың тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады».

Қабылдау квотасы қарастырылған колледжге оқуға түсуші тұлғалар санатты растайтын құжаттарын ұсынады.

10. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

11. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қабылдау таңдалған мамандығы бойынша оқыту үшін қарсы көрсетілімдерінің болмауы туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы ескеріле отырып, заңды өкілдердің біреуінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

12. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша және:

1) негізгі білімі оқуға түсушілер үшін негізгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі және шығармашылық емтихандар) өткізіледі;

2) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

3) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін – негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

4) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

5) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Конкурс білім беру ұйымдары өткізген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде өткізіледі.

13. Түсу емтихандарының қорытындылары ақпараттық стендтерде және білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында түсу емтихандарын өткізген күні орналастырылады.

14. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 25 тамызы аралығында. Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

2) пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" – 8 балға, "4" – 17 балға, "5" – 25 балға алмастырады.

15. Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

16. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

17. Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі Қағидалардың 1- қосымшасына сәйкес айқындалады.

18. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес анықталады.

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оны оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірмей жеткізіледі.

20. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері тесттік пәндер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің санынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша педагогикалық қызметкерлердің саны кемінде екі адамнан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады.

Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

21. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

22. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы

төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

23. Қабылдау конкурсын өткізу кезінде осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

24. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

25. Білім беру ұйымдарына қабылдау мамандықтар; оқыту тілі бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырыстарында жүргізіледі.

26. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау - күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін, сырттай және кешкі оқу нысандарына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына жариялау арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

27. Білім беру ұйымдарында тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау үшін қабылдау емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау кезеңінде 1 маусымнан кешіктірмей білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, ол мүшелерінің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, білім беру ұйымдарының педагогтары, студенттік өзін-өзі басқару органдарының, ата-аналар қауымдастығының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының құрамынан мүшелердің көпшілік дауысымен төраға сайланады.

Қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясының шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Қабылдау комиссиясының шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген Білім туралы құжатқа сәйкес орта конкурстық балды көрсете отырып, талапкерлердің тізімдік құрамын және білім туралы құжатқа сәйкес орта конкурстық балды көрсете отырып, қабылдау квотасы көзделген талапкерлердің тізімдік құрамын қалыптастырады.

Қабылдау комиссиясы талапкерлердің тізімдік құрамын орта конкурстық балды және қабылдау квотасы көзделген тұлғалар санатын көрсете отырып, білім беру ұйымының сайтына орналастырады және оның күн сайын жаңартылуын қамтамасыз етеді.

28. Білім беру ұйымдарына оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау:

1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 тамызына дейін, кешкі және сырттай оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 шілдесіне дейін.;

2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 27 тамызына дейін, оқудың кешкі нысанына – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін.

29. Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

30. Шалғайдағы елді мекендерде тұратын адамдардың өтініштерін қабылдау үшін білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар ұтқыр қабылдау комиссиясын ұйымдастырады.

31. Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

32. Білім беру ұйымдарына оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау Қағидалардың 9, 9-1, 9-2, 9-3, 9-4-тармақтарына сәйкес портал арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

34. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдау конкурсы білім туралы құжатқа сәйкес орташа конкурстық балл бойынша өткізіледі. Орташа конкурстық балл Білім туралы құжаттың бағалары мен балдарынан қалыптастырылады:

негізгі орта білімі бар (негізгі жалпы) түсушілер үшін-үш пән бойынша: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша;

жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімді түсушілер үшін - төрт пән бойынша (Қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша екі пән);

негізгі орта білімі (негізгі жалпы), жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар педагогикалық, медициналық мамандықтарға, арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші тұлғалар шығармашылық емтихан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және/немесе мамандық бойынша талапкердің портфолиосын (қағаз немесе электрондық түрде) қолдану арқылы тапсырады. Емтиханды онлайн режимінде тапсыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, талапкерлер білім беру ұйымына шығармашылық тапсырманы орындаумен бейне жібереді.

Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы бейне-конференц-байланыс жүйесі арқылы талапкерлермен әңгімелесу өткізеді.

Абитуриенттер қабылдау комиссиясының талабы бойынша бейінді мамандардың медициналық анықтамаларын ұсынады.

Медициналық мамандықтарға түсетін адамдар психометриялық тестілеу әдісімен кәсіби жарамдылығын анықтау үшін арнайы сынақтан өтеді. Жеделдетілген оқу нысаны бар және мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік білімі бар орта білімнен кейінгі білім деңгейіне түсуші тұлғалар белгіленген талаптар бойынша эссе жазу түрінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып түсу емтихандарын тапсырады.

Талапкерлердің орташа конкурстық балы тең болған жағдайда бірінші кезекте білім туралы құжаттың орташа балы ескеріледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар қабылдау комиссиясының талаптарына сәйкес қабылданады.

Қабылдау комиссиясының техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау туралы шешімі білім беру ұйымының сайтында орналастырылады.

35. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

36. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша кәсіптік жарамдылығын анықтауға арналған емтиханды өткізу нысаны білім беру ұйымдарының психометриялық тестілеу әдісімен анықталады.

37. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және арнайы емтихандардың нәтижелерін бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы 26,27,28-тармақтарға сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық мамандықтар бойынша оқуға қабылдау конкурсы орташа конкурстық балл және қабылдау комиссиясының шешімі бойынша психометриялық тестілеу нәтижелері бойынша өткізіледі.